

С.А. ЖИРЕНОВ

## АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ТАҒДЫР» КОНЦЕПТИСІНІҢ ТІЛДІК ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Дүниені танудың басты құралы тіл екені ақиқат. Адам баласының тіліндегі сөз байлығы мол болған сайын, оның танымдық қуаты да арта түсері сөзсіз. Тілдің негізінде адам баласы дүниені таниды. Алайда дүниені тану барысында адамзат баласы бір ғана ғаламды көрсе де (он сегіз мың ғаламды), оны қабылдау барысында этникалық және ұлттық негізге бөлініп, ғаламды түрліше қабылдайды. Қазақ халқы өзінің өмірінде болатын әртүрлі деңгейдегі жақсылы не жаманды оқиғалардың барлығын тағдырмен байланыстырады. Сонымен бірге өмірдегі қандай да бір жақсылы не жаманды, қуанышты не қайғылы т.б. әрекеттерді «тағдырдың ұсынуымен» болады деп түсінеді. «Тағдыр» лексемасының осындай өмірдегі күрделі алуан түрлі сипаты мен өзіндік ерекше-лігіне байланысты концепт деп тануға негіз бар.

Демек, «тағдыр» концептісі концептілік жүйе мен концептілік өріске қатынаса алатын танымдық бірлік. «Тағдыр» атауының тілдегі мағынасына, ақиқат дүниемен байланысына, сол ақиқат дүниенің тіл мен санадағы образды бейнесіне және ол туралы санада қалыптасқан мәліметтердің қайта «танымдық сүзгіден» өткізу арқылы ғаламның концептуальды бейнесіндегі орнын айқындауға болады. Сонымен қатар «тағдыр» концептісінің жаңа бір атауға ие болуына сараптама жасаудың негізінде «тағдырдың» сыртқы формасы мен ішкі формасындағы ұлттық-мәдени-танымдық ақпараттарды саралау, сол арқылы санадағы дүниенің тілдік бейнесіне тереңірек үңіле-тұғын болсақ, «тағдыр» концептісіне қатысты біршама соны ақпараттармен қанығуға болады.

«Тағдырға» қатысты атауларды лингвофилософиялық және лингвокогнитологиялық таңбалар жүйесіндегі элемент ретінде қарастыра келіп және сол элемент мазмұнында құлыпталған ұлттық-мәдени-танымдық ақпараттарды аша отырып, қазақ халқының санасында жинақталған, бір жүйеге түскен, күнделікті өмірде өз мазмұнын жоғалтпаған білімдер жиынтығын анықтай түсуге болады.

Тағдыр – адамзат баласының қоғамдық өмірінің бір көрінісі. Адам баласының рухани әлемінде өмір мәселесі сөз болған жерде, міндетті түрде тағдырға соқпай кете алмайды. «Тағдыр» мен «өмір» екеуі бір-бірімен тығыз байланысты күрделі лингвофилософиялық категория. «Тағдыр» концептісінің құрылымдық мазмұны өте күрделі, себебі аталмыш концептінің номинациясы санатындағы бұл лексе-

ма, біріншіден лингвосемиотикалық таңбалар жүйесі болса; екіншіден, лингвофилософиялық және лингвокогнитологиялық категория; үшіншіден, адамзат қауымына ортақ логикафилософиялық жүйелердің бірлігі.

«Тағдыр» концептісін ұлттық мәдени тұрғыда қарастырған зерттеуші А.Ислам «тағдыр» концептісіне қатысты ойын ғылыми зерттеу еңбегінде былайша тұжырымдайды: «Бақ және тағдыр концептілері қазақ дүниетанымының негізін құрар абстракциялы концепттердің маңыздысы; олардың диахрондық тілдік сараптамасы жалпы түркілік құт және талай концептілер болып табылады және де олар сан ғасырлық мәнін қазіргі заман тіл және мәдениет иелері дүниетанымында сақтаған» [1,104].

Тағдыр ұғымы көп ретте өмірдің адам баласының мойнына артқан жүгі ретінде танылады. Сол жүкті әркім әрқалай қабылдайды. Біреулер мойнындағы жүкті көтере алмай майып бола жатса, өз өкініші мен өкпесін «өмірден, тағдырдан» көріп жатады. Мәселен, *Бұл тағдырға не қылдым?! «Тағдырға мынау не шара»* – деген секілді күйініші мен назын қатар айтып жатады. Тілде *«Тағдырдың тезі»*, *«Тағдырдың тауқыметі»*, *«Тағдырдың жазуы»*, *«Тағдырдың уын ішті»*, *«Тағдыр жетті»*, *«Тағдырсыз тәбдік болмас»*, *«Тағдыры шешілді»* деген секілді образды тілдік оралымдар бар. Бұл аталған фразеологизмдер көп жағдайда адам баласының аянышты күйі мен мүшкіл халіне қатысты бағытта-лып айтылады. Қазақ ұлтының танымында адам баласының өміріндегі сәтсіздіктердің көбі «тағдырға» байланысты. Мәселен: тілдегі *«Тағдырдың тезі»* деген фразеологизмді адам баласының өмірден көрген теперіші деп те түсінуге болады. Бұл жерде әрине тағдырға қатысты фразеологизмдердің көбінің семантикалық танымдық мағынасы бір-біріне жақын болып келеді. Сол сияқты *«Тағдырдың тауқыметі»* деген фразеологизмде адам баласының өмірінің көбі қиыншылықта, азапта, ал көңілі одан да жаман *«құлазыған құ даладай»* болғандығын ескертеді. Ал *«тағдырдың жазуы»* дегенге келсек адам баласы өз өміріндегі қиыншылықтың алдында дәрменсіз болып табылады. Себебі оған о баста дүниеге шыр етіп келгенде-ақ оның маңдайына болашақтағы өмірінде не боларын бір тылсым күш жазып қойған. Адам баласының маңдайына

болашақ өмірінде оның тағдырында нендей жағдайлар болары сол жазудан айнымайды. Адам оны өзгерте де алмайды. Себебі, ұлт танымында «*жазымыштан озмыш жоқ*» деген түсінік айтылған. Міне адам өз тағдырын түзетуде осыдан асып кете алмайды. Сонымен қатар философия ілімінше адам өзін-өзі жеңуі ықтимал, ал тағдырды жеңе алмайды. Біз тағдыр дегенді сырттан таңылатын күш деп қате түсініп келдік. Рас, тағдыр фаталистік мәндегі күш, бірақ бұл оның бір эле-менті ғана, одан өзге тағдырды құрастыратын жасайтын күштер бар [2,112], – деген пікірмен де санаспауға болмайды.

Тағдыр концептісінің семантикалық мазмұнына тоқталатұғын болсақ *Тағдыр – ар. зат. 1. Діни. Құдіреттің жазуы, жазмыш. 2. Өмір, тұрмыс, тіршілік. 3. Ауыс. Бір нәрсенің жай-күйі, келешегі, болашағы. Тағдырлас* сын – *тағдыры бір, тағдыры ұқсас; Тағдырластық* зат – *тағдырлас болушылық; Тағдырлы* сын – *тағдыры бар тағдыр-ға ие; Тағдырсыз* сын – *тағдырдың бұйрығысыз, жазмышсыз* [3,530], – деген күрделі мағыналық тұтастықты құрайды.

Ал поэтикалық мәтінде «тағдыр» концептісі әртүрлі қырынан танылады. Оған шығарманың композициялық құрылымы мен сюжеттік маз-мұнына қарай әртүрлі аспектіде суреттеледі. «Тағдыр» концептісі дүниенің тілдік және көркем бейнесінде кең мағынада «өмірдің бір элементі», діни сипаттағы «жазымыштың сыйы», «адам басындағы ауыртпалық», «адамның қуанышы мен қайғысы» секілді фреймдермен ұғынылатын ментальды репрезентация. «Тағдыр» концептісінің ақын-жыраулар шығармаларының негізіндегі поэтикалық мәтіндегі көрінісіне келсек, «тағдыр» концептісінің танымдық мазмұны ақын-жыраулар поэзиясында «өмір» макроконцептісінің құрамдас компоненттерінің мазмұнымен өзара сабақтасып, өмір мен өлімнің мазмұнын толықтыруда біте қайнасып кеткен концептілердің қатарына жатады. «Тағдыр» концептісін «өмір-өлім» макроконцептілеріне ортақ концепт ретінде санауға болады. Себебі ақын-жыраулар поэзиясы мен бүгінгі тілдік қолданыстағы ерекшелігіне назар аударатын отырып, екіжақты сипатын көруге болады. Демек «тағдыр» концептісі «өмір мен өлім» макроконцептілерінің мазмұнын толықтыруға қатысатын концептілік өрісі ауқымды күрделі концептілік мәнге ие доминант.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы «тағдыр» концептісінің концептілік өрістегі қолданыс аясына зер салу арқылы күрделі танымдық бірліктердің санатына жататындығына көз жеткізуге болады.

*Ешкім кетіп қойымнан ауысқаны,*

*Ажал жетіп тағдырдың тауысқаны* (Шал ақын), – деген жыр жолдарында «тағдырдың тауысуы» тіршіліктің тоқтауын білдіреді. Адам баласының бұл дүниедегі өмірлік жасы, «тағдырдың тауысуымен» байланысты деген ұғымға саяды.

*Әуелде солай жазса не істейсің,*

*Бұйырса тағдыр қалай бас имейсің*

*Қайран жас қызғыш болған халық үшін*

*Қалайша қазасына күйзелмейсің* (Орынбай ақын), – деген өлең шумағындағы «тағдыр» концептісі «адамның маңдайына жазған сызық» деген лингвофилософиялық және теологиялық түсінік арқылы көрініс тауып, «тағдыр жазуының» алдындағы адам баласының шарасыздығын көрсетеді.

Ақын-жыраулар поэзиясында адам баласы «тағдырдың алдындағы шарасыздығына» тек күйіне бермей үлкен парасатпен қабылдап, *ажал, қаза, өлім* атты құбылыстардың адам баласына және өзге де тіршілік иесіне ортақ екендігін жырға қосу арқылы өздерін-өздері және кейінгі ұрпақты, сабырға шақырғандығынан парасат пайымының өте жоғары екендігін көрсетеді.

*Тұлпар бар ма тұяғы майрылмаған,*

*Сұңқар бар ма қияғы қайрылмаған.*

*Қашан да тағдыр-ажал жеткен күні,*

*Кімдерден кімдер жылап айрылмаған* (Орынбай ақын) деген жыр жолдары адам баласы тағдыр-ажал атты құбылыстарға үлкен сабырмен қарағандығын, ақиқат өмірдің реалды шындығын көре білгендігін аңғартады. Және де жыр жолдарындағы көркем суреттеулер этнос танымына етене жақын бейнелермен суреттелуі де «тағдыр» концептісінің ақиқат өмірдегі келбетін көрсетуде өзге де бейнелермен салыстырыла суреттелуі «тағдыр» концептісінің мазмұнын түсінуге ықпал етуші факторлар деп қабылдауға болады.

«Тағдыр» концептісі ақын-жыраулар поэзиясында және бүгінгі тілдік қолданыста да адам өміріне қатысты әртүрлі құбылыстардың ар жағында өз бейнесін көрсететіндігін көруге болады.

*Келіп ем дін ислам қаласынан,*

*Тағдырдың үмітім бар панасынан* (Мәделі), – деген жыр жолдарынан «тағдырдың, үміт, пана» екендігінен оның тек «жамандық, жазмыш, келеңсіз әрекеттерге» ғана қатысты емес, оларға қарама-қарсы құбылыстар «жақсылық, қуаныш, үміт оты» секілді категорияларға да қатысы бар екендігін көрсетеді.

Қазақ этносының түсінігінде адамның ғұмырындағы жақсылы не жаманды өмірі, тіпті өмірінің ақырына дейінгі көрінісі адамның «сы-зық-белгісі»

арқылы беріледі. Ол адам түсінігі мен тілдік қолданыста адам мүшесіндегі әртүрлі сызықтар арқылы беріледі. Ол маңдайда, алақанда, жауырындағы жазу сызықтарымен байланыстырылады. Адам баласы қашанда өз өмірі мен алдағы уақытта не боламын алдын ала білу мақсатында, космоспен байланысы бар немесе ерекше жаратылған бақсы балгерлерге өздерінің жазу сызықтарын оқыту, құмалақ салдыру, карта аштыру, жұлдыз жорамал жасау арқылы білуге ұмтылған. Әрине бұлардың бәрі таным дүниесін игерумен байланысты туындаған әрекеттер болып табылады. Бұл әрекеттердің нәтижесі адам өмірі мен біршама жағдайда сәйкес келіп жатса, көп жағдайда үйлеспейтін тек болжам, жорамал сипатынан аспайды.

*Тәубе деп қылмай қапы өттім,  
Өлерімнің шағында.  
Құдайдың ісі бұзық па,  
Әуелде менің сұмырым  
Құдіреттің жазған сызықта.  
Ұл атадан айрылған,*

*Әркім де біздей қайғырған...* (Шортанбай), – деген өлең шумағынан адам дене мүшесіндегі сызықтардың өзінің символдық мағынаға толы екендігін көруге болады. Ол жерде символдық ұғымның бар екендігі басы ашық аксиома болғанымен, оның мағынасы мен мазмұнын ашуға адам баласы әлі әрекет ету үстінде екендігін ғылымның дамуымен, адамның әрекетінен көруге болады.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы «тағдыр» концептісі «өмір мен өлім» макроконцептілеріне ортақ аралық концепт болып табылады. Ақын-жыраулар поэзиясындағы «тағдыр» концептісінің логикалық модельдеріне тағдырды – ауыртпалық; тылсым күштің адам баласының басына берген «сыйы» (жақсы не жаман); жазмыш; тылсым күштің ықпалы; өмір, өлім, ажал, қаза; жақсылық-жамандық; қуаныш-қайғы т.б. қарама-қарсы құбылыстарды жатқызуға болады.

Сонымен бірге тағдырдың адамзат баласына ортақ болатынын адамзат қоғамына келген нәубеттен (ашаршылық, соғыс, жұт, табиғат апаты т.б.) көрсек, оның жекелеген адамдар үшін түрлі болатыны: біреулердің тағдыры аса күрделі, шым-шытырық оқиғаларға толы болса, енді біреулердікі керісінше өмірі жеңіл, жолы үнемі болып тұратын аса көп қиыншылықсыз өмір сүретіндерде болады. Жоғарыдағы ақын-жыраулардың өлең жолдарынан тағдырдың сан алуан сипатқа ие болатындығын,

қоғам мен қоршаған ортаның (өмірдің) тұрақты әрі жалғыз болатындығы лингвофилософиялық түрде бейнеленген.

Ақын-жыраулар поэзиясы мен ұлттық дүниетаным контекстіндегі: «тағдыр» концептісінің жоғарыда көрсетілген тілдік және логикафилософиялық күрделі құрылымдары арқылы оның лингвистикалық, ұлттық-мәдени-танымдық, философиялық мәнін ашып көрсетуге болады. Демек тағдыр концептісінің философиялық аспектісі тілдегі *адам басындағы ауыртпалық, маңдайға жазылған сөз, пешенеге берілген бұйрық, жазмыш, тылсым күштің өмірі* т.б. секілді когнитивтік фреймдермен беріледі. Аталған құрылымдар этнос танымындағы «тағдыр» ұғымына қатысты ассоциативті, стеротипті түсінігінің эмоционалдық, атрибутивтік көрінісін көрсету арқылы белгілі-бір этнос өмірінен танымдық ақпараттар алуға болады. Қорыта келгенде, «тағдыр» концептісі «өмір-өлім» макроконцептілерінің құрамдас бөлігі, философиялық, теологиялық мазмұнға толы, күрделі ментальды құбылыс.

Сонымен «тағдыр» концептісіне танымдық талдаудың негізінде тілдік және тілдік емес, танымдық білімдер жүйесін саралай келе, адамзаттың таным дүниесіндегі білімдер жүйесін ашып көрсету негізінде адамзат баласының танымдық жүйесінің күрделі сипатын анықтауға болады.

#### ӘДЕБИЕТ

1. *Ислам А.* Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): Док. дисс. қолжазба. Алматы, 2004. 335 б. (10.02.19 – тіл теориясы).
2. *Есімов Ф.* Хакім Абай. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. 198 б.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1985. 8-т. 591б.
4. Ай, заман-ай, заман-ай (Бес ғасыр жырлайды). Екі томдық Алматы, 1991.